

2. Бартольд В.В. Тюрки. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. - Алматы: Жалын, 1993. -194 с.
3. Путешествие Рубрука. Электронная библиотека исторического факультета МГУ. Дата обращения: 2 апреля 2010. Архивировано 13 августа 2021 года.
4. Кузембайулы А., Абиль Е., История Казахстана, Учебник для ВУЗов. 7-е издание. Перераб. и доп. - СПб, Соларт, 2014.
5. Тюндешев (Харамоос) Г.А. // Великий хан Батый – основатель Российской государственности. – Минусинск, 2013.
6. Евстигнеев Ю.А. Кыпчаки / половцы / и их потомки. К проблеме этнической преемственности. - Санкт-Петербург: 2011, 2-е издание; <https://profilib.org/chtenie/139762/yuriy-evstigneev-kypchaki-polovtsy-kumany-i-ikh-potomki-k-probleme-etnicheskoj-21.php>; <https://vuzlit.com>.
7. Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов: Археологические памятники. -М.: Изд-во МГУ, 1966. -276 с.
8. Кумекоев Б.Е. К кыпчакско-мадьярским связям. // Культура кочевников на рубеже веков (XIX–XX., XX–XXI вв.): проблемы генезиса и трансформации. Алматы, 1995. -С. 71.
9. Евстигнеев Ю.А. Численность казахских субэтнических групп (конец XIX века) // Краткое содержание докладов Лавровских (среднеазиатско-кавказских) чтений. 1993. - СПб., 1994.
10. Кадырбаев А.Ш. Китайские источники по истории тюрков XII–XIV веков. - М., 1991.
11. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. - М., Алма-Ата, 1989.

## **ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТАРИХ КОНТЕКСТІНДЕГІ АСТАНА ФЕНОМЕНІ**

Серік Д.Қ.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Касимова С.С.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

Электронды адресі: [s.dias2005@mail.ru](mailto:s.dias2005@mail.ru)

Қарағанды қ.

Қазақстанның жаңа астанасының қалыптасуы мен дамуы. Өткен ғасырдағы 90-жылдардың бірінші жартысында астананы көшірудің объективті қажеттілігі қазақстандық қоғамның барлық салаларында қалыптасты. КСРО ыдырағаннан кейін республикалар мемлекеттік тәуелсіздікке ие болды, тарихи дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Дамудың осы кезеңінде мемлекеттің астанасы қазақстандықтарды біріктіретін елдің тек басты қаласы ғана болмауы керек болды. Астана тасқынды экономикалық белсенділік пен мемлекетті қамтамасыз етуі және келешекте Евразияның экономикалық мегаполистерінің бірі болуы керек. Сондай-ақ, астананы Алматыдан көшіруді талап еткен объективті себептер айдан анық көрініп тұрды. Алматы географиялық жағынан алғанда ел территориясының шетінде орналасуы, елімізге қауіп болуы мүмкіндігін көрсетті. Экономикалық жағынан алғанда индустриалды-инновациялық орталық ретінде қала өз өсуінің шырқау шегіне жеткен еді. Оның республиканың жаңа индустриалды орталықтарынан алыс жатуы өндірісті қалалардың жалпы экономикалық кешенге интеграциясын қиындатты. Алматының коммуникациялық мүмкіндіктері Қазақстанның жаңа кезеңдегі дамуының талаптарына сәйкес келмеді: қала әлемдік көліктік байланыстардан алшақ орналасқан, олардың әрі қарайғы дамуына таулы рельеф қиындық туғызды. Қаладағы қолайсыз экологиялық жағдайдың асқынуы шегінен асып түсті.

ҚР Президентінің тапсыруы бойынша жаңа астананың оңтайлы орнын анықтау мақсатында республиканың барлық аумағын мұқият зерттеп білу жүргізілді. Тәуелсіз мемлекеттің астанасы көптеген 32 түрлі өлшемдерге жауап беруі қажет болды, солардың ішінде неғұрлым маңыздысы болып келесілері айқындалды: табиғи-географиялық, табиғи-

климаттық, әлеуметтік-экономикалық факторлар, сондай-ақ, инженерлік және көліктік инфрақұрылымдық даму, құрылыс, демографиялық, ғылыми, мәдени өсу келешегі [1].

Жаңа астананың Ақмола қаласы болатындығы туралы шешімнің қабылдануында экологиялық фактордың белгілі рөл атқарғанын айтқан дұрыс. Алматымен салыстырғанда қаланың дамуының экологиялық жағдайлары айтарлықтай жақсы болды. Қала сейсмикалық қауіпсіз жерде орналасты. Жер ресурстарының байлығы, Бурабай санаторийлік зонасының жақындығы аймақтағы қолайлы микроклиматты қалыптастыратын қала маңында экологиялық жасыл белдеу құруға жағдай туғызады. Жаңа астанаға орын таңдау әлеуметтік-экономикалық, саяси, халықаралық, мәдени, демографиялық, экологиялық және басқа факторлардың тұтас бір кешеніне жан-жақты талдау жасау арқылы жүзеге асырылды. Жаңа астананың орнын таңдау және оған ҚР Президенті Н. Назарбаев қойған өлшемдер (өсудің жаңа нүктесінің қажеттілігі, мультипликативтік нәтиже, Астана – Евразия орталығы - геосаяси аспекті, ежелгі тарихи орталық, астанаға аймақтардың жақындығы, көлік қатынастарының дамығандығы) ел дамуының терең әрі өмірлік маңызды сұраныстарын бейнеледі. Сондай-ақ, астананың өзімен қоса Қазақстанның барлық даму келешегі мен әлеуеті есепке алынды.

1998 жылы 6 мамырда Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстанның астанасы Ақмола қаласын – Астана қаласы деп атау туралы» Жарлығы шықты. Қаланың атын өзгерту дер кезінде жасалған, әрі қажетті мемлекеттік акт болып табылды. Астана – бұл ел мен оның халқының мемлекеттілігінің символы және негізі. Астананың аты мемлекетпен және оның халқымен байланыстырылады, ол мемлекеттік атрибуттың бір бөлігі болып табылады, оның мәртебесі елдің Негізгі Заңында конституциялық жолмен бекітіледі. Бұл баршаға түсінікті болды. Ақмоланың аты сол уақытта астана ұғымымен мазмұны жағынан байланысты болмады. Ол бұрынғы облыс орталығының аты түрінде қабылданды. Сол уақытта Ақмола атымен дәл осы ел астанасы ретіндегі қосымша саяси, сезімді немесе ұлттық стереотиптер байланысты болмады. Ол уақытта жер мен аймақтың тарихи атауына деген құрмет сақталды: облыс Ақмола облысы деген тарихи атауын сақтады.

Жаңа астана тұрақты экономикалық өсудің маңызды факторы ретінде. Астана – бұл Қазақстанның жай ғана символы емес, барлық қазақстандықтардың мақтанышы. Жаңа астана өте қысқа мерзім ішінде бой көтерді – жекелеген жылдары Астанада бір мезгілде 500 астам ірі нысандар бой көтерді. Соңғы жылдары астана үздік жетістіктерге жетті және ел экономикасының қозғаушы күштерінің бірі болды. Жаңа астана құрылысындағы жетістіктер барлық Қазақстанның табыстарының бейнесі болды, өйткені, дәл осы Астана құрылысының басталуымен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында оң алға жылжулар болды. Астана құрылысы үлкен әсер туғызды – өткен жылдарда Қазақстанның құрылыс саласы экономикадағы ең алдыңғы қатардағы, қазіргі заманғы салалардың біріне айналды.

Қала экономикасының негізін құраушылар: сауда, көлік және байланыс, құрылыс. Қазақстан экономикасының сауда секторына жалпы өнім қосуы бойынша Астана облыстар мен республикалық маңыздағы қалалар арасында Алматыдан кейін екінші орын алады. Екі қала Алматы мен Астананың аймақтық жиынтық өнімі Қазақстанның сауда саласының барлық көлемінің жартысынан астамын құрайды. Бөлшек саудадағы тауар айналымының көлемі жөнінен Астана сондай-ақ, елімізде екінші орын алады және республикада құрылыс қарқыны бойынша көшбасшы болуда. Қазақстандағы пайдалануға берілген барлық жылжымайтын тұрғын жайдың бестен бір бөлігі Астана қаласының үлесіне тиеді. Қала тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру көлемі бойынша алдыңғы орында келеді.

Қаланың өнеркәсіптік өндірісі әсіресе құрылыс материалдарын, тамақ өнімдерін, сусын шығаруға және машина жасауға шоғырландырылған. Қолдануға дайын құрылыс металл бұйымдарын, бетон және бетоннан жасалған құрылыс бұйымдарын өндіруден Астана қаласы Қазақстанда жетекші орында. Сондай-ақ, қаланың құрылыс металл конструкцияларын, радиаторларды және орталық жылу жүйесі қазандықтары мен көтеру-тасымалдау жабдықтарын өндірудегі үлесі жоғары. Астана Қазақстанның инновациялық экономикасының өсу нүктесі болып табылады.

Астана қаласының қарқынды дамуында ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2001 жылы 29 маусымдағы «Астана – жаңа қала» атты арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Жарлығы маңызды рөл атқарды [3, 369 б.]. Бүгінгі таңда табысты жұмыс жасап отырған жоба бойынша инвесторларға корпоративтік табыс салығынан, объектіні пайдалануға бергеннен кейінгі жер және мүлік салығынан жеңілдік беріледі. Тауарды, материалды және жабдықтарды импорттаудағы құрылыс үрдісінде, сондай-ақ, өндіріс үшін шикізатты импорттауда кейбір объектілер үшін қосылған құн салығын (НДС) қайтаруда кеден салығынан босатуды қамтитын жеңілдікті салық тәртібі қарастырылған. Сонымен қатар, қажетті инфрақұрылымдарымен қоса жер телімдері беріледі. Арнайы экономикалық зонаның басты және маңызды буыны көлемі 600 гектар болатын индустриалды парк болып табылады. Онда белгіленген 50 жобаның көпшілігінің құрылысы аяқталды, олардың кейбіреуі мыналар: локомотивтерді жинайтын «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ (Қазақстан – Ресей), теміржолдар құрылысы бойынша инфрақұрылымдық жоба «Темір Сервис Астана» ЖШС, көкөніс сақтайтын «А» класына жататын «Астана Агро сервистік дайындау орталығы» және басқалары. Аталған кәсіпорындарда бүгінгі күнге дейін бірнеше мыңдаған жұмыс орындары ашылды. Астананың соншалықты экономикалық дамуы оны Алматы қаласымен, Атырау және Маңғыстау облыстарымен қатар қоятын республикалық бюджеттің донор – аймақтар дәрежесіне көтерді [4, 66 б.].

Бүгінгі Астана – бұл тек талғампаз сәулет қана емес, сондай-ақ, экологиялық таза мегаполис үлгісі. Астананың айналасына «жасыл белбеу» енгізілген. 1997 жылы жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде елорданың айналасындағы екпе орманның аумағы бүгінде 70 мың гектарды құрайды, олардың 15 мыңға жуығы қаланың өзінде, қалған 55 мыңы – қала шегінен тысқары орналасқан.

Астананың Қазақстандағы жоғары білім берудің флагманы болатын Евразияның ғылыми-білім беру орталығы ретінде қалыптасуына көп көңіл бөлінуде. Назарбаев Университеті студенттерінің бейнесінде біздің елде жан-жақты даярланған, білікті мамандардың жаңа ұрпақтары пайда болды.

Астана қаласында «ЭКСПО-2017» көрмесінің өтуі - Қазақстан үшін маңызды тарихи оқиға. Халықаралық көрмені өткізу Қазақстанның негізгі жобаларының бірі болып қана қоймай, экономиканың дамуын ынталандырды және ұлттық туристік базаның әлемдік экономикалық интеграциясына септігін тигізді, әрі туризмді орнықты дамытуға ықпал етті. Астанада Ана мен бала Ұлттық медициналық орталығын, республикалық оңалту орталығы және нейрохирургиялық және жедел медициналық қызмет диагностика орталықтарын, ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталықты қамтитын Ұлттық медициналық холдинг табысты жұмыс жасауда. Астана қаласы «Өркен», «Жас ұлан», «Дарын», «Зерде», «Мұрагер» дарынды балаларға арналған жетекші мектептердің эпицентріне айналды.

Бүгінгі таңда коммуналдық қызмет көрсету сапасын көтеру үшін қаланың инженерлік инфрақұрылымын жақсарту бойынша ауқымды жұмыстар көлемі жүргізілуде. Бұл қағидалардың табысты іске асырылуы алдыңғы қатарлы смарт-технологиялар негізінде мүмкін болады. Осыған байланысты елордада инновациялық жобалар мен бастамаларды жүзеге асыратын «Smart Астана» тұжырымдамасы жасалды. Солардың арасында - «Smart-көлік», «Smart-парковка», «Smart-мектеп», «Smart-емхана», «Smart-көшені жарықтандыру» және «Smart-ЕРЦ» (Бірыңғай есептеу орталығы) бар. Сондай-ақ, таяу уақыттарда елорда тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігі деңгейін көтеру және қаладағы жолда жүру жүйесін жақсарту мақсатында «Өмір тіршілігін қамтамасыз етудің кешенді жүйесі» (СКОЖ) жобасы іске асырылатын болады. Болашақтағы жобалардың арасында Абу-Даби Плаза, Ғарыштық байланыс орталығы, Ботаника бағы, Зоопарк ерекше танымалдықпен қолданысқа ие.

Астана - әлемдік саясаттың келешек орталығы. ХХІ ғасырдың жаңа астанасын салу елдің дамуына барлық жағынан қуатты серпін берді, Қазақстанның халықаралық мүмкіндіктерін жаңа деңгейге көтерді. Сондықтан да біздің мақсатымыз осы әсем де көркем, толеранттық пен бейбітшіліктің қаласы Астананы барша халық үшін ынтымақ пен бірлікке шақырған өзінше жолдауға айналдыру қажет. Қазақстан мен Астана символдық жағынан аса

маңызды. Астана Сарыарқаның кең даласының қақ ортасында он жылға жетпей бой көтерді. Астана – бұл батыл әрі жасампаз идеяның арқасында туған қала.

Астана бірнеше жылдың ішінде мемлекеттің іргетасына, сонымен бір мезгілде жаңа Қазақстанның жоғары руханилығының фабрикасы мен сақтаушысына айналды. Мұнда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері өтті. Онда бірнеше рет мұсылман әлемінің беделді имамдары мен дін мамандары болды. Астана Мәскеу мен бүкіл Русьтің Патриархы Кириллді, Рим католиктік шіркеуінің понтифиі Иоанн Павел II-ні, Константинополь Варфоломейінің патриархын, Армян Апостол шіркеуінің католикосы Қасиетті Гарегин II-ні, сонымен қатар, басқа да конфессиялардың өкілдерін қарсы алды. Астанада қысқа мерзімнің ішінде «Нұр-Астана», «Хазірет Сұлтан» мешіттері, Успен кафедральды православиелік шіркеуі, «Бейт Рахель-Хаббад Любавич» синогогінің шіркеулері салынды. Барлық қазақстандықтар үшін сәулет өнерінің шынайы аса құрметті орнына айналған Бейбітшілік пен келісім сарайы бой көтерді. Сарайды салуға екі мыңға жуық түрлі ұлт өкілдері атсалысты. Оның ішінде британдық сәулетші Норман Фостер мен оның 100 адамнан құралған командасы бар [4, 67 б.].

Астана сонымен қатар мемлекет қорғауына алынған тарихи ғимараттардың ордасы. Елордадағы ең көне, ең ескі ерекше жәдігердің бірі – Сәкен Сейфуллин музейі. Бүгінде салынғанына 176 жыл толған, XIX ғасырдың стилімен ағаштан қиюластырып, ою-өрнекпен безендірілген үйдің негізі сонау 1846 жылы қаланған. Ақын, жазушы, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен қызметінен, шығармашылығынан сыр шертетін тарихи, архивтік деректер мен құжаттар, заттар қойылған музей тарихи архитектуралық ескерткіш саналғанымен, оның сыртқы көрінісі бүгінгі жаңа құрылыстар ансамбліне ұқсас. Қабырғаны тұтастай алып тұрған бірегей полотноның орта тұсында Сәкеннің гипстен жасалған бедерлі бейнесі, етегінде гүл шоғыры бейнеленген. Кіре берістегі оң қанатта «Сәкен және Ақмола» аталатын фотокөрме бүгінгі Астана өмірімен астасып, елорданың ертеңгі болашағынан елес береді [6].

Астана шынымен де евразиялық бейбітшілік пен келісім орталығына айналды. Қазақстан астанасының әлемдік саяси жүйе үшін толеранттық пен жасампаздықты үйрету мен зерттеудің әдіснамалық орталығы болуда жеткілікті әлеуеті бар. 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жариялап, бұл елордада «Астана – бейбітшілік пен келісім қаласы» ұранымен өтті. Астанада этносаралық келісім Жылын өткізу оның барлық салалардағы жетістіктеріне негізделді. Астана жастарды жаңа жетістіктерді бағындыруға қанаттандырады, үміт отын ұялатады, бейбітсүйгіш бастамаларды нығайтады, әр қазақстандықтың арман-тілектерінің орындалуы мен іске асырылуына мүмкіндік береді.

Астана толықтай әлемдік саяси жүйе үшін толеранттық пен жасампаздықты оқып үйретудің әдіснамалық орталығы бола алады. Елордада Қазақстан халқы Ассамблеясында құрылған қалалық Қоғамдық келісім Кеңесі жұмыс жасайды. Қоғамдық келісім Кеңесінің басты миссиясы этносаралық қатынастардағы қоғамдық келісім дәстүрлерін сақтау және осы тәжірибені барлық салаларға тарату болып табылады. Кеңес жұмысы сараптама-ұсынылатын сипатта. Толеранттық – елімізде тұрып жатқан халықтың рухани байлығы, оның ертеңінің негізі.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев Астананы «Евразия жүрегі» деп атады. Және бұл жай ғана символдық бейнелеу емес, бұл тәуелсіз Қазақстанда пайда болған жаңа саяси шынайылықтың фактісі. Евразияның геосаяси орталығы сөз жоқ, Астанада орналасқан. Жаңа астана Қазақстанға «Қазақстанның геосаяси бағытын нығайту» мақсатында қажет. Астананы Евразияның геосаяси орталығы ретінде әлемдік мойындау 2010 жылы 1 желтоқсанда Европадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының (ЕҚЫҰ) Саммитінде болды. Қазақстан ЕҚЫҰ төрағалық етті және оның астанасы Астана евразиялық қауіпсіздік пен ынтымақтастық саясатының бастамашысы және жүргізушісі болды. Тұңғыш Президент Н. Назарбаев осы Саммиттегі сөйлеген сөзінде бүгінде Евразияның ортасында, ежелгі Қазақстан жерінде ұлы халықтардың – мыңдаған жылдар бойына адамзат тарихын жасаушылардың диалогы басталғанын атап көрсетті. Планетаның ең үлкен құрлығы – Евразияны жалпыадамзаттық құндылықтар: Келісімге, Дәстүрлерге, Ашықтыққа,

Толеранттыққа негізделген әлемнің жалпы кеңістігіне айналдыру қажет. Дәл осы арқылы аталған Саммиттің тарихи мағынасы мен бағыты айқындалады.

Астана Евразиялық экономикалық одақтың штаб-пәтері болды. Елордада жыл сайын Астана экономикалық форумы өтеді. Ол өзінің ауқымы мен қамтитын тақырыбының шоғыры жағынан баламасы жоқ жаһандық проблемаларды талқылау мен шешудің диалогтік алаңы болып саналады. VIII Астана экономикалық форумы алаңында жобасы қызу талқыланған Дүниежүзілік дағдарысқа қарсы жоспар идеясы аса өзекті болып саналады. Әлемнің күн тәртібіне қойылған өзекті сұрақтар, атап айтқанда, лаңкестік, мемлекетті құлату, миграция және басқа да жағымсыз құбылыстар экономикалық дағдарыстың, кедейшіліктің, сауатсыздық пен жұмыссыздықтың салдары болып табылады.

Бүгінде елордада Қазақстанның қуатты интеллектуалдық ядросы шоғырланған. Астана Қазақстанның XXI ғасырдағы экономикалық өсуі мен әлеуметтік жаңғыруының жасампаздығын қамтамасыз ете отырып, инновациялық дамудың, соның ішінде, «жасыл» экономиканың мықты іргетасы болып отыр. Аймақтық және жаһандық саясаткерлер осы жаңа полюстен ендігі уақытта біздің бүкіл әлемге арналған, G-GLOBAL қағидалары мен әлемдік ахуалдың тұжырымдамалық көрінуінің логикалық жинақталған батыл бастамаларымызды тауып отыр. Астана халықаралық аренада өзінің рөлін күшейте түсуде. Қаланың аумағында ЕҚЫҰ XXI ғасырдағы бірінші Саммиті, ШЫҰ (Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы) мен ИБҰ (Ислам ынтымақтастық ұйымы) мерейтойлық Саммиттері, мемлекеттер мен ЕЭО, ТМД, ШЫҰ, ҰҚШҰ (Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы) сияқты халықаралық ұйымдардың үкіметтерінің басшыларының кеңестері, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері сияқты жоғары деңгейдегі шаралар өтті.

Сонымен қатар Астана қаласы Азия континентінің спорттық өмірінің орталығына айналды. 2011 жылдың қаңтар-ақпан айларында Қазақстанда алғаш рет VII Қысқы Азия ойындары өтті. IV Дүниежүзілік жастар экономикалық форумы Астанада өтті. 2014 жылғы 27 наурызда Астанадағы Тәуелсіздік сарайында 38-ші УЕФА конгресі өтті. Бұл ретте Қазақстан ТМД-да осындай ірі халықаралық футбол форумын қабылдау құқығын алған алғашқы мемлекет болды. Астанада UEFA Конгресін өткізу еуропалық футбол тарихында лайықты орынға ие болды, сондай-ақ Қазақстанда футболдың дамуына қосымша серпін берді.

2022 жылдың қыркүйек айының 14-15 күндері Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінің өтуі Астананың Қазақстанның бейбітсүйгіш келбетін әлемге тағы да паш етті. Съездің тақырыбы «Пандемиядан кейінгі кезеңде адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының рөлі» деп аталды. Съезге әлемнің 50 елінен 108 делегация, Ватикан мен Католик шіркеуінің басшысы Рим папасы Франциск, әл-Азһар шейхы, Жоғары мәртебелі имам Ахмет Тайып, Мәскеу Патриархаты Сыртқы шіркеу байланыстары бөлімінің төрағасы Волоколамск митрополиті Антоний, Сауд Арабиясы корольдігінің Ислам істері, уағыз және насихат жөніндегі министрі шейх Абдуллатиф бен Абдулазиз аш-Шейх, Израильдің Бас ашкеназ раввині Давид Лау қатысты. Съездің секциялық отырыстары өзекті төрт бағыт бойынша өтті, атап айтқанда, «Қазіргі әлемдегі рухани және моральдық құндылықтарды нығайтудағы діндердің рөлі», «Діндер мен мәдениеттердің, әділеттілік пен бейбітшіліктің құрметті қатар өмір сүруін нығайтудағы білім мен діни ағартудың рөлі», «Діни көшбасшылар мен саясаткерлердің жаһандық дінаралық диалог пен бейбітшілікті ілгерілетуге, экстремизмге, радикализмге және терроризмге, әсіресе діни негізде қарсы тұруға қосқан үлесі», «Әйелдің қоғамның әл-ауқаты мен тұрақты дамуына қосқан үлесі және діни қауымдастықтардың әйелдің әлеуметтік мәртебесін қолдаудағы рөлі». Әлемдік алқалы бас қосуда талқыланған осынау саликалы мәселелердің барлығы «біздің үйлесімді әлем құру жолындағы іс-әрекетімізге оң ықпалын тигізетінін» айта келе Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаев дүниежүзінің беделді дінбасыларына алғыс білдірді [7].

Өзінің архитектуралы сәулет құрылысында еуропалық және шығыстық стильді тамаша үйлестіруімен ерекшеленетін Астананың келешегі зор. Қаланың сәулеттік кешенінің басты өзегін құрайтын бірегей орындарға «Хан Шатыр» – «Бәйтерек» – «Ақорда» – «Бейбітшілік

және келісім сарайы» – «Қазақ Елі» монументін жатқызуға болады. Ал биылғы 2022 жылы тамыз айының 12 күні елордада Орталық Азиядағы ең үлкен мешіт ашылды. Бас мешіттің ашылу салтанатына Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың өзі қатысты. Мешіт орналасқан жер телімінің ауданы 10 гектарды құрайды. Жалпы ауданы 68 062 шаршы метрге жетеді. Үлкен күмбездің биіктігі 83,2 метр, диаметрі 62 метр. Мешітте төрт мұнара бар. Сыйымдылығы бойынша Астана қаласындағы республикалық бас мешіт әлемдегі ең үлкен 10 мешіттің қатарына кіреді.

Тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасындағы көркемдік маңызы мен ауқымы жөнінен бірегей әрі басты сәулеттік туынды болып саналатын Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы – Ақорда. Тікелей аударғанда «Ақорда» кәдімгі «ақ орда» («белая ставка») дегенді білдіргенімен, оның атауында терең мағына бар. Резиденцияның қасбеттері мен ішкі көріністерінің түстеріне қатысты шешімде ақ түс пен ашық реңктер басым. «Ақ» сөзі түркілердің дүниетанымында киелілікті, қасиеттілікті білдіреді. Бұл ұғым – шаттық пен сәттіліктің, шынайылық пен мәрттіктің, ар-ұят пен жақсылықтың нышаны. Ақ түстің бай символикасы Ақорданың сыртқы және ішкі сәулеттік келбетінде көрініс тапқан [8].

Қазақ халқы ақ түсті ғана емес, «ақ» сөзін де киелі санаған. Ақ пейіл, ақ ниет адалдықты, шынайылықты білдіреді. Сапарға шыққан жолаушыға «ақ жол» тілеген. Олай болса Ақорда осындай ырым-ниеттен туған атау. Расында, тәуелсіз еліміздің жасампаз тарихында Ақорданың төрінде туған Қазақстанның дамуына бастау болған қаншама сындарлы, стратегиялық шешімдер қабылданды десеңізші! Қабылданып қана қойған жоқ, жүзеге асты да, бүгінде оған әлем елдері куә болып отыр.

Осындай маңызы аса зор оқиғаның бірі 2022 жылы 26 қарашада болды. Бұл күні 2022 жылы 20 қарашада өткен Қазақстан Президентін сайлау қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланған Қасым-Жомарт Тоқаевты салтанатты ұлықтау рәсімі өтті. «Қазақта «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымның сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгеннің бәрін жасаймын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев [9]. Осылайша Астананың төрінде Тәуелсіздік сарайында Жаңа Қазақстанның дамуының тағы бір тарихи парағы айқара ашылды. Қазақстан халқы өз Президентімен бірге еліміздің саяси-экономикалық әлеуметтік-мәдени өркендеуіне тізе қосып, жұмылып еңбек ететініне сенім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Евразия жүрегінде. - Астана: Жібек жолы, 2010. - 181 б.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5 – том. – Алматы: «Атамұра», 2010. - 688 б.
3. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы, 2010. – 429 б.
4. Сүлейменова М.Ж. Касимова С.С. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі тарихы. Қарағанды: ҚарТУ, 2019. – 96 б.
5. Қабылдинов. З. Астана: өткені және бүгіні. –Астана: Фолиант, 2017. - 315 б.
6. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
7. <https://www.muftyat.kz/kk/news/qmdb/2022-09-15/40391-lemdik-zhne-dsturli-dinder-koshbasshylarynyn-vii-sezi-aiaktaldy-foto/>
8. [https://www.akorda.kz/kz/republic\\_of\\_kazakhstan/akorda](https://www.akorda.kz/kz/republic_of_kazakhstan/akorda)
9. <https://www.akorda.kz/kz/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-kasym-zhomart-tokaevty-saltanatty-ulyktau-rasimi-otti-26104732>